

АРШАЛЫ АЙНАСЫ

АРШАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ
2007 жылдың қаңтар айынан бастап шығады

Наурыз тойы ауыл – аймақта

ӘЗ НАУРЫЗ ТӨРГЕ ОЗСЫН, АҚ МОЛ БОЛСЫН!

Аршалы кентінің орталық алаңында наурыз мерекесі тойланды. Сахна төрінен төгілген әсем ән көңілді күй сыйласа, алаңда ұйымдастырылған сауда, ұлттық ойындар мерекенің көрігін қыздырды. Аудан әкімі Жомарт Жұмағалиұлы Нұркенов жиналған барша тұрғындар мен ауданның қонақтарын мерекемен құттықтады.



Зор денсаулық, мол табыс тіледі. Аршалы кентінде биылғы жылы алғаш рет тек

ана аудан орталығындағы ұйымдар мен кәсіпорын, білім ордалары, өзге де халыққа қызмет көрсететін орындардың ұйымдастырылуымен наурыз тойы тойланған еді. Аудан әкімі әрбір ұйымның қоғамдық жұмыстарға белсене қатысатындықтарын атап өтіп, алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтарын табыстады. Содан кейін әкім бастаған топ арнайы әзірленген әр ұлттың асханасының дәмінен дәм татып, әзірленген сахналық



көріністерін қызықтады. Қазақ күресі де мәресіне жетті. Бағанның басынан сыйлық алу да қызықты өтті. Алаңға жиналған жұртшылық концерт көріп, көуәп алып, ұйымдастырылған ауылшаруашылық өнімдерін сатып алып, қуанысып қайтты. Күннің ызғары да әдемі



мерекенің сәнін кетіре алмады. Мәдениет үйінің өнерпаздары даярлаған мерекелік концерт те, тарихи көріністері де жиналған жандарға шуақ шашып, көңілдерін көтерді.

М. АХМЕТҚЫЗЫ.
Суретті түсірген М. АНТОНОВ.



МЕКТЕПТЕГІ НАУРЫЗ ТОЙ

№2 Аршалы орта мектебінің ұжымы мен оқушыларының ұйымдастыруымен мектептің спорттық алаңында наурыз мерекесіне арналған мерекелік шара өтті.

Аппак қарды тазалатып, жартылай киіз үй нысанын құрып, қабырғасын қазаки бұйымдармен көркемдеген ұстаздар мен оқушылардың жүзінде көктем тез келіп, мына қар еріп, бәйшешек гүлдеп, жер әлем көк май-



са шөппен көмкерілсе екен деген изгі ниет болды. «Аркада индастри» ЖШС қолдауымен дастархан жайылып, палау пісірілді. Бағдарлама бойынша ән шырқалып, әжелеріміздің шашуы шашылды. Қызыр бабамыздың ақ батасы актарылып, «Қара жорға» биіне барлығы да мәз болысып биледі. Күннің ызғарына қарамастан бәрі де мәре-сәре болысып, Наурыз көжеден дәм татып, бір-біріне мереке құтты болсын деп тілектерін айтты. Аудан әкімінің орынбасары Айна Ермекқызы Мысырәлімова, аудандық мәслихат хатшысы Ю.К. Сериков, білім бөлімінің басшысы К.Р. Досмоғамбетова құттықтап, ризашылықтарын білдірді.

М. ЕРНЫРҚЫЗЫ.
Суретті түсірген М. АНТОНОВ.

Қазыналы қарттарым

Жібек жолы ауылдық округіндегі Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орта мектебінде ауылдың қадірлі қарттарынан құралған топтың тамаша концерттік қойылымы өтті. Топтың жетекшісі Нәсіпгүл Әлібекованың айтуынша топтарында қазіргі таңда 10 әже, 4 атамыз бар екен. «Ауылым» әнін сахна төрінен төгілген қарияларымызды тамашалаудың өзі бір ганибет екен. Бала сүйіп, немере тәрбиелеп, шөбере қызықтап отырған жандардың ұрпаққа өнеге болып, дәстүрлі әндер мен драмалық көрініс, нақышына келтіріп оқын жатқан өлеңдерін тыңдай отырып «Міне, әдемі қарттардың жолы» деп тамсанады екенсің.

(Соңы 2 бетте)

ЖІБЕК ЖОЛЫ АУЫЛЫНДА ТОП ШЫҚТЫ



№13 (440)
25 НАУРЫЗ,
СӘРСЕНБІ,
2015 ЖЫЛ

26 сәуір – Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы

“Нұр Отан” штабы сайлауалды іске кірісті

«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалында 13 наурызда ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың кандидаттығына қоғамдық сайлауалды штабы ашылды.

«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасының бірінші орынбасары Роза Федороваға штаб мүшелерін бастап, насихаттау жұмысын басқару жүктеледі.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ АРШАЛЫ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Аршалы кенті № А-104 2015 жылғы 26 ақпан

Үгіт баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жай беру туралы

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 28 бабының 4, 6 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Аршалы ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес Аршалы аудандық аумақтық сайлау комиссиясымен бірлесіп барлық кандидаттар үшін үгіт баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгіленсін.

2. Осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес кандидаттарға сайлаушы-

лармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жай берілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Аршалы ауданының әкімі аппаратының басшысы Ә.Қ. Балташевқа жүктелсін.

4. Аршалы ауданы әкімдігінің осы қаулысы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аршалы ауданының әкімі
Ж. НҮРКЕНОВ.

КЕЛІСІЛГЕН

Аршалы аудандық сайлау комиссиясының төрағасы
М.САБІРЖАНОВ.

26 ақпан 2015 жылғы.

Ақмола облысы әділет Департаментіне 2015 жылдың 12 наурыз №4687 нөмірімен тіркелген.

Аршалы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 ақпан №А-104 қаулысына 1 қосымша.

ҮГІТ БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН ОРЫНДАР

№ р/с	Мекенжай атауы	Үгіт баспа материалдарын орналастыру үшін орындар	Орналастыру үшін объектінің атауы
1.	Аршалы кенті	Тәшенов көшесі, 22, Аршалы ауданы әкімшілігінің «Аршалы аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорының ғимараты	стенді
2.	Анар станциясы	Астана көшесі, 36, «Жалпыоблмберетін Анар орта мектебі» мемлекеттік мекемесі ғимараты	стенді
3.	Арнасай ауылы	Желтоқсан көшесі, 26, «Вячеслав орта мектебі» мемлекеттік мекемесінің ғимараты	стенді
4.	Ақбұлақ селосы	Набережная көшесі, 68, «Мичурин ауылының орталық мектебі» мемлекеттік мекемесінің ғимараты	стенді
5.	Бірсуат селосы	Жеңіс көшесі, 29, «Білім 1 нәлін атындағы Берсуат орта мектебі» мемлекеттік мекемесінің ғимараты	стенді
6.	Бұлақсай ауылы	Оқжетпес көшесі, 6, селолық клубының ғимараты	стенді
7.	Волгодонов селосы	Центральная көшесі, 3, «Жалпы облім беретін Волгодонов орта мектебі» мемлекеттік мекемесінің ғимараты	стенді
8.	Жібек жолы ауылы	Қазыбек би көшесі, 44, «Новоалександров орта мектебі» мемлекеттік мекемесінің ғимараты	стенді
9.	Ижев селосы	Садовая көшесі, 26, «Ижев орта мектебі» мемлекеттік мекемесінің ғимараты	стенді
10.	Константинов селосы	Центральная көшесі, 52, селолық клубының ғимараты	стенді
11.	Михайлов селосы	Абай көшесі, 13, «Михайлов орта мектебі» мемлекеттік мекемесінің ғимараты	стенді
12.	Түрген ауылы	Жастар көшесі, 15, «Түрген орта мектебі» мемлекеттік мекемесінің ғимараты	стенді
13.	Сараба селосы	Абая көшесі, 23, селолық клубының ғимараты	стенді

Аршалы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 26 ақпан № А-104 қаулысына 2 қосымша.

КАНДИДАТТАРҒА САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУІ ҮШІН ШАРТТЫҚ НЕГІЗДЕ БЕРІЛЕТІН ҮЙ-ЖАЙЛАР

№ р/с	Мекен-жай атауы	Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде берілетін үй-жайлар
1.	Аршалы кенті	Тәшенов көшесі, 22, Аршалы ауданы әкімшілігінің «Аршалы аудандық мәдениет үйі» Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорының мәжіліс залы
2.	Анарстанциясы	Тәшенов көшесі, 18, селолық клубының мәжіліс залы
3.	Арнасай ауылы	Мир көшесі, 2, селолық клубының мәжіліс залы
4.	Ақбұлақ селосы	Набережная көшесі, 68, «Мичурин ауылының орталық мектебі» мемлекеттік мекемесінің мәжіліс залы
5.	Бірсуат селосы	Бейбітшілік көшесі, 9, селолық клубының мәжіліс залы
6.	Бұлақсай ауылы	Абай көшесі, 11, «Нововладимиров орта мектебі» мемлекеттік мекемесінің мәжіліс залы
7.	Волгодонов селосы	Центральная көшесі, 3, селолық клубының мәжіліс залы
8.	Жібек жолы ауылы	Қазыбек би көшесі, 44, «Новоалександров орта мектебі» мемлекеттік мекемесінің мәжіліс залы
9.	Ижев селосы	Садовая көшесі, 13, селолық клубының мәжіліс залы
10.	Константинов селосы	Центральная көшесі, 52, селолық клубының мәжіліс залы
11.	Михайлов селосы	Абай көшесі, 15, селолық клубының мәжіліс залы
12.	Түрген ауылы	Жастар көшесі, 15, «Түрген орта мектебі» мемлекеттік мекемесінің мәжіліс залы
13.	Сараба селосы	Абай көшесі, 23, селолық клубының мәжіліс залы

Ақпарат СЕМИНАР-ТРЕНИНГ

Көкшетау қаласында «Нұр Отан» партиясының саяси менеткеметінің шығу арқылы жүргізілетін семинар-тренинг мектебі алғашқы партия ұйымдарының төрағалары үшін: «Қоғамдық баяндама және саяси дискуссия» және «Коммуникациялық өкілеттілікті жетілдіру» тақырыбын қамтыды.

Аршалы ауданынан семинарға Субботина Л.Н. – Ижев алғашқы партия ұйымының төрайымы, Тыштыбаева Г.Б. – Анар алғашқы партия ұйымдарының төрайымы қатысты. Семинар бағдарламасында дискуссия, топтық жұмыс, баяндама барысындағы пікір-таластар, тестілеу, сауалнамалар болды. Дәрісті тарих ғылымының кандидаты Есенғараев Е.Ж. және кәсіби медиатор Сариева Ж.Т. жүргізді.

Бұндай дәрістер өте пайдалы және қажет. Алғашқы партия ұйымдарының барлық төрағалары сертификат алды.

Р. ФЕДОРОВА,

«Нұр Отан» партиясының Аршалы филиалы төрағасының бірінші орынбасары.

Наурыз тойы ауыл – аймақта

ЖІБЕК ЖОЛЫ АУЫЛЫНДА ТОП ШЫҚТЫ

(Соңы. Басы 1 бетте)

Ал осы топтың арасында Иманжүсіп Құтпанұлының немересі Раушан Көшенованың да ән салып, Жұбан Молдағалиевтің «Мен қазақпын!» өлеңін тыңдарманға жеткізе орындауында үлкен мән тұрды. Махметов Ордабай атаның орындауында Иманжүсіптің әні «Ерейментау» жүректі жырлатса, Қасым Аманжоловтың «Өзім туралы» әні терең ойға салды. Мырзабеков Сүйінбек атамның «Қайран жангем» әні ақияқ ақын Мұқағали Мақатаевтың бейнесін көз алдыға әкеліп, сөз бен өлең құдіретіне бас игізді. Ильцов Валентиннің музыкалық сүйемелдеуінде Бақыт Құсниденова мен Татьяна Насачтың орындауында «Деревня» әні, Жұмадилова Шарипаның орындауында қырғыз әні «Жылқышы» тыңдармандардың

көңілінен шықты. Ұлы Жәністің 70 жылдығына орай «Тылдағы өмірден үзінді» көрінісі көзіне жас әкелсе, «Қазақ хандығына 550 жыл» толуына орай қойған қойылымдары бабаларымыздың көрегендігін дәріптеді. Бұл да Қазақстан халқы көпұлттығының ынтымақтастықтарын айшықтады. Баянның, гитараның, домбыраның үнін сахна төрінен төгілген қазыналы қарттарымның бұл концерттік бағдарламасы керемет бір әсерде қалдырды. Аманғазы Зейнулловтың «Иллюзия әлемі» қызыққа шомылдырса, біз сахнаға бірінші рет шығып тұрмыз қалай болды деген әжелеріміздің бейкүнә сауалдары ерекше бір әсерде қалдырды. Баладай аңғал, ақ көңіл, аяулы ауыл үлкендері. Сіздер ғой береке мен қазынаның сарқылмас көзі. Ақ дастархан жайып, наурыз көже, қымыз, небір тәттілерін

ұсынған жандарға денсаулық пен шығармашылық табыс тілейін.

Бұл концерттік бағдарламаның тамашалауында Жібек жолы ауылдық округінің әкімі Бектас Серік қатысып, осы топ туралы ризашылық сөзін жеткізді. Ауылдың сәні ақыл қосар, салт-дәстүрді дәріптейтін қарттарымен бірге емес пе? Міне, бұл қарттарымыздың бүгінгі берген концерттері өте тамаша, үлгі боларлық шара. Ауылдың кереметі өнер сүйер қауымның болуында. Мен ризамын. Әкімдік тарапынан ұйымдастырылған әрбір шараға ауылжұмын тұрғындары ат салысып, жұмыла жүкті көтерісіп жатады. Барлықтарын да Өз наурыз – жана жылымызбен құттықтаймын, – деп алғысын білдірді. Аудандық мәдениет үйінің қызметкерлері ауданымызда өнерлі тағы бір топтың шыққанына риза болысты. Ауыл іші қазына деп бекер айтылмаған ғой.

М. АЖЫҚАНОВА.

Өнерлі әулет

НАУРЫЗ ТОЙЫ ТОЙПАНСЫН

Ауданымыздағы Мәдениет Үйінде Тасболатовтар Асанжұасының «Алмағұл» халықтық ансамблінің шығармашылық кеші өтті.

Наурыз күні арнайы келіп, әннен шашу шашқан жерлестеріміздің өнеріне тәнті болдық. Әлібек Әмірханұлы, Қалибек Әмірханұлы, Ринат Ермекулы, Берік Жұмабекұлы, Гүлдана Қалибекқызы, Гүлнәз Әлібекқызы, Эльмира Шерниязқызы, Бибиғұл Әмірзаққызының қолдарындағы аспаптардың үні залды күмбірлетсе, орындаған әндері жүрек қылын шертті. Қыршын кеткен Алмағұлдың рухына арналған ән көңіл босатып, жүрек сыздатты. Өттеген-ай деген жан болмады. Алайда өзі кетсе де өнерімен есте қалған ару қыз мәңгі тірі демекпіз. Мәдениет Үйінің директоры Тазагүл Темірғалиқызының да, Ермек Әмірханұлының да жүректері қарс айрыла айтқан сөздері ешкімді бей-жай қалдырмады. Алайда өлді деуге болады ма айтыңдаршы, артында ісін жалғар шәкірт қалса дегім келеді. Сахна төрінде кезінде Алмағұлдың өзі басқарған музыка мектебі ұжымынан «Абай әндерінен фантазияны» Елена Шилова мен Рәбиға Стыбаева нақышына келтіре орындады.

Ансамбль мүшелерінің орындауындағы әрбір ән ерекшелігімен баурап алды. Кеш соңында аудан әкімінің орынбасары Айна Ермекуқызы Мысырәлімова ыстық лебізін білдіріп, әкім атынан алғыс хат пен сыйлық тарту



өтті. Осы кешке Көкшетау қаласының облыстық халық шығармашылық және мәдени демалыс орталығының халық шығармашылық бөлімінің меңгерушісі Бектасева Гүлдана Ескенқызы арнайы келіп, алғыс хатты табыстады. Ауданның абыройын асқақтатып, отбасылық өнерді дәріптеп жүрген ұлағатты әулетке тек қана бақыт пен шығармашылық табыс тілейміз.

М. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА.

Тырнарлар-ай, неге әжелерімді мұңға батырдың, Сендерге қарап, жарым жүрек аналар үміт жібін үзбеуде...



Мінекей бір-екі айдан кейін Жәніс күнінің жеткеніне жетпіс жыл болады. Қаншама уақыт өтсе де менің көз алдымда әлі күнге дейін ауылымның ақ жаулықты әжелерінің көрінісі. Сонау сұрапыл Ұлы Отан соғысына аттандырған отағасыларын, балаларының әкелерін күтіп, жол қарап, ұшқан тырнарларға жәудірей көз тіккен кездері. Біздің шағын Береке ауылынан соғыстан қайтпаған: Абельдинов Кәкім, Адамжүсіп Қабен, Адамжүсіп Қасқа, Жақыпов Мұқан мен Нұрбек, Жамалиев Серік, Жексекеев Төлеу, Иманбеков Ермекпен Бостыбай, Иманқұловтардан: Арын, Өмір, Жалпоз және Қамаш, Исабеков Қыстаубай, Орынбаев Сыздық, Сәтенов Мұқан, нағашым Қабды-қар Табилин – және басқа да хабарсыз қалғандар бар.

Осы Береке ауылының тумасы Нағима Қабылдақызы қазіргі таңда сол кездегі, соғыс жылдарының қатыгез кезеңінде өткен бала шағының ащы-тущысын ұмытқан емес. Жүрегіне кетпес ізін қалдырған жеті көлді қалайша ұмытпақ? Шалқаркөл, Алакөл, Танакөл, Жақыпкөл, Жалтыркөл, Жанқұла және кіші Сарыоба – осы жеті көл осы аймақтың сәні мен әні ғой. Әлі де толқыны жағалауға еркелей соғылып, ғасырлар сырын шертіп жатқандай.

Апамның бала кезімде айтқандары әлі есімде. Жаз өмірін, маз өмірін қысқартып, Бара жатыр, бара жатыр құс қайтып. Зымырайды менің бала кезімдей, Бір жасат етіп өте шыққан, өте шыққан сезімдей. Біздің жаққа бауыр басып кеткен бе, Тамаша әнмен келіп еді көктемде, Өскен жерге сыймай кетіп барады, Өскен жерін қимай кетіп, қимай кетіп барады... – әнін естіген сайын, ауылдың әжелерімен әйелдері аспанға қарап көздеріне мұң мен жас оралып, жауаптап қалушы еді. Олардың арасында Иманбекова Мәкен / Мәміля/, Исабекова Құлсағира, Бөпеш және Балтай

апайлар, Зейнегүл Әлжанқызы болатын. Кейін ғана, өзі есейген сайын түсінді: олар өткен соғыстан келмеген жолдастарын және ауылдастарын құстардың әнін естіген сайын қайтадан еске алған екен. Жас кезінде осы құстар әні ауылды еркелететіндей әсерде болушы еді, алайда соғыстан кейін құстар әні қатарын бұзбай ұшқан тырнарлардың қимастық сезімімен ауыл адамдарының жүректеріне мұң орнатты. Соғыс кезінде және одан кейін аяулы әжелеріміз бен аналарымыз маңдайларын қалың орнамалмен байлап, үстіне қолдан тігілген киім киіп, жіңішке белдерін арқанмен орап, еңбектің не бір ауыртыпалығын арқалап, ер-азаматтың ісін жалғастыра жүріп, соғыстың жеңіспен аяқталуын, азаматтарының аман келуін тілеп, жегіріленіп-ақ жүрген екен. Отбасында қалған балаларына әкелері жоқтығын білдіртпей, оларға оқу оқытып және елге танымал, білімді азамат деңгейіне жеткізу үшін тер төккен қайран асыл аналар. Біздің ауылдың әжелері сондай болған. Қандай ауыртыпалы кезең бастарынан өтсе де балаларына оны білдірмеген. Сұм соғыстың жан түршігерлік жағдайын, ауыр жұмыстың мұқалтқан қияметін, аштықтың азабын, киімнің жетіспеушілігін балаға сездірмей, жүректері қан жылап тұрса да баланы арқаландырып, әкелерінің ерлік істерін ертегідей жыр етіп, ақ боз атпен жеңіс күнін сүйіншілеп келіп қалатынына сендіріп, күш беріп жүруші еді. Шіркін-ай, сол әжелерімді қазірде қатты сағанамын....

Туған ауылымды ойласам ақ самайлы аналардың тырнарлардың соңынан қарап, жауаптайтын көрінісі көз алдыма келеді. Тамағым ащы жас жиналып, сол соғыс кімге керек болды екен деген жан айғайы тауға соғылған жаңғырықтай қайтып жатады. Жауап жоқ! Жайнап, тірлігі мен бірлігі қуантқан бір кездегі Береке ауылына барар жолдағы жол тактайшасы ғана өтіп кеткен жетпіс жылдық уақытқа қайыспай, соғыстан қайтпаған жауынгерлерді «ауылын бар осы жақта, адаысып кетпелдер», – дегендей белгі болып, күтіп тұрғандай...

Е. ҚАБЫЛДА,

Береке ауылының туып-өскен азаматы.

Білім ордасынан

БҮГІНГІ ҚОҒАМНЫҢ СҰРАНЫСЫ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЖЕКЕ ТҰЛҒА

Инновацияның кілтті – білім мен ғылымда. Н.Ә. НАЗАРБАЕВ.

Жедел дамудың даңғыл жолына түскен бүгінгі қоғам ұлт болашағының іргетасын қалайтын өз қара басының қамын ғана ойламай, ұлт үшін, ұрпақ үшін саналы жұмырын халқының жолына арнайтын парасатты, пайымды зиялыларға саналы, рухани бай, жан-жақты білімді, мемлекетімізді халықаралық деңгейге таныта алатын ұлтжанды ұрпақты оқытып, тәрбиелеуді міндеттейді. Бүгінгі мектепке тәжірибе жүзінде педагогикалық әдістемені шебер меңгерген, зерттеуші, мықты ой-шыл іскер педагогтар қажет. Біз өзімізден әлдеқайда озық дамыған мемлекеттердің қатарында бой түзеу үшін халықаралық стандарт деңгейінде білім мен ғылыммен қаруланып, оны толыққанды игеруге ұмтылуымыз қажет.

Осы тұрғыда Аршалы ауданы мектептерінің оқу ісі меңгерушілері мен жаратылыстану -математика бағытында жұмыс жасайтын мұғалімдер тобы Астана қаласы дарынды ер балаларға арналған қазақ-түрік лицей интернатында болып, әдістемелік іс-тәжірибе алмасты. Педагогикалық семинарға Аршалы ауданы білім беру бөлімінің жаратылыстану -математика бағытының әдіскері Әубәкірова Қатима Сапарбекқызы тікелей жетекшілік етті.

«Білім берудегі инновация-жеке тұлғаның тұрақты даму факторы» тақырыбында ұйымдастырылған тәжірибе алмасу семинары инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы тұлғаның тұрақты дамуына ықпал етуді көздеді. Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда электронды басқару, білім беруді дамыту және жобалау, аға-аналар академиясының жұмыс тәжірибесімен ортақтасып, мұғалімдердің тәжірибе жүзіндегі сабақтары, шеберлік сыныптары мен коучингтеріне қатысты. Сонымен қатар Есілдің сол жағалауындағы «Нұрорда» халықаралық мектебіне саяхат жасап, білім саласындағы қилы жетістіктер мен көңіл қуантарлық көріністердің куәсі болдық. Дарынды ер балаларға арналған лицей-интернатында жаратылыстану бағытындағы пәндердің (математика, физика, информатика, химия, биология) таза ағылшын тілінде жүргізілетіндігі бізді керемет әсерге қалдырды. Таза ағылшынша қарым-қатынас жасап, білім мен біліктерін шыңдап жатқан ұстаз бен оқушыларды көргенде міне, нағыз қазақ баласы халықаралық деңгейде өз білімін осы-

лай дәлелдеу керек – деген тәңті ойда қаласын. Тәңті болып қана қоймай шығармашылық шабыт аласың.

Өркениетті елдердің қатарына қосылуда мемлекеттің мерейін үстем қылып, «қазақ» деген ұлтты әлемге танытатын -бүгінгі ұрпақ. Білім мен ғылымның асқар биігіне ұмтылу арқылы ұлттың ұлылығын, мемлекеттің абыройы мен ұрпақтың тектілігін таныта аларымыз хақ. Ғылымның өркендеп дамыған шағында халықаралық деңгейге шарықтап шығу бүгінгі ұрпақтың мемлекеттік тілді толыққанды білуімен ғана шектелмейді. Ұш тұғырлы тіл қоғамдағы өзекті мәселе. Ғылым мен техниканың тілін меңгеру үшін орыс тілі мен ағылшын тілі ауадай қажет. Болашақ бүгіннен басталатындықтан бүгіннен бастап ұрпағымызға адал-пайтындай анық бағыт беріп, ойын дамытып, экономикаға, үнемшілдікке үйретіп, шынайы түрде оқушылардың зерттеу жұмыстарымен сапалы айналысуын, үш тілді еркін меңгеруін қамтамасыз етіп, өмірдегі өз орнын дұрыс табуға бағыт сілтеуіміз қажет. Заманауи үлгіде сабақ беруде тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып, білім сапасын арттырудың жолдарын жүйелі түрде жүзеге асыруға бағыт беріп, озық деңгейлі мектептің деңгейіне жетуге талпыну жолында әдістемелік тұрғыда жалықпай еңбектенуге ұмтылдырған, ауданымыздың мектептерінен жаратылыстану бағытындағы пәндердің сапасын арттыру мақсатында мұғалімдерді бір ортаға шоғырландырған аудандық білім беру бөлімінің әдіскері Әубәкірова Қатима Сапарбекқызына барлық әріптестерінің атынан алғыс жолдаймыз.

Қорыға айтқанда қазіргі қоғамның басты сұранысы -бәсекеге қабілетті, қоғам қажеттілігін өтей алатын, ақпаратпен нақты да мықты қаруланған жеке тұлға. Осы сұранысты қанағаттандыру, сол талапқа сай жеке тұлға қалыптастырып, оларды Отан үшін еңбек жасауға даярлау бізге міндеттелген дүние. Ендеше, елімізді төрткүл дүниеге танытатын, даналығы мен саналығы терең қалыптасқан ұрпақтың әлем кеңістігіне жол салуына шын ниеттен мүмкіндіктер жасайық! Лайым, біз жетпеген жетістіктер мен біз көрмеген қызықтар болашақ ұрпақтың еншісіне бұйырғай!

А. МОШКЕ,

Аршалы ауданы мәслихат

депутаты,

Абай атындағы орта мектебінің

оқу ісі меңгерушісі.

Тегін білу тектілік

СІЗДІҢ РУЫҢЫЗ, ЕЛІҢІЗ ҚАНДАЙ?

Бала кезімде көп мән бермеген ру, ел деген қазіргі таңда дауға айналып барады. Неге дейсіз ғой, менің елім Найман. Жеті атаны да сонау үлкен бабаларымыздан бері санаймын.

Иә, жеті атанды, еліңді білген өте дұрыс. Ұл бала тұрмақ қыз баланың бұл жағын білгені үлкен сабақ. Алайда елім Найман десем көптің көңілі түзу емес екендігін де аңғарып қаламын. Бірде апай-жездем құда күтті. Түлкібас ауданы жақтан келген құдалар. Дастархан басында әңгіме әдемі өріліп, қыз берген олар да риза, көңілді отырған біз де ризамыз. Бір кезде қай ел екендігіміз тілге тиек болмасы бар ма. Иә, бұл енді әңгіменің қашан да тұздығы болып қалыптасып келе жатқаны белгілі. Найман екенімді білген құда жақтан бір кесірілеуі «Найман – шайтанды да алдаған найман» деп төбеден түскендей етті. Шынымды айтсам онша-мұнша сөзге таласқа түспеуші едім. Жаныма батып кетті. Сіз қайсы елсіз деп сұрадым, есімде жоқ бір елді айтты. Ұлтын сұрадым – қазақпын деді. Наймандар да қазақ па деп сұрадым. Ойланбастан ия деді. Сонда мен Найман шайтанды өзінің қара басы үшін алдамаған, ол осы бүкіл қазақтың қамын ойлап, арадан шайтанды алдап аластатқан болар, сол жағынан ой салып көрмедіңіз бе дедім. Сөзден жеңілдім деп қол беріп, кешірім өтінді. Алайда менің жүрегімде ауыр бір нәрсе қалып қойды. Жүзге бөлініп, жүзге не жүрдік, елге бөлініп, есіміз ауған жаққа кетіп те қалып жүрдік, тіпті ағайынға өкпелеп көшіп кету де үрдіске айнала бастады. Бұдан қандай пайда таппақпыз. Осы қазақты судан

құтқарушылар жұмысына қабылдау керек деген де езу тартар оқылым. Сөйтсем қазақтардың суға жүзе алатыны емес, олардың өкпелері үлкен, содан суға батпайды деп шығарып алғандағылары екен. Әйтеуір өкпе айтудан алға жан салмайтындар да қазақ екені бізге аңғарылып барады. Жуықта Шымкент өңірінде болдым. Наймандар туралы қысыр әңгіме көп пе десем, шырайлы шымкенттіктер туралы да кесір әңгімелер мол екен. Қасымда сол Шымкенттің қызы болды, бес – алты адам бас қосып, шипажайды аралап келеміз. Арамызда алматылық жұп бар еді. Отағасының әңгімесі шымкенттіктер туралы. Содан не керек шымкенттік құрбым да мен де қайтеміз енді біз туралы жасы айтса да, жаман айтса да Алланың естуіне ықпал етеді екен. Қалай айтса да осы пендеме жұмыр берейін деп ойлар деп күліп қойдым.

Мен қазіргі таңда Ақмола облысында тұрамын. Бұл жердің қазақтары елдері тұрмақ қазақ екендіктерін де мен-мендеп айта бермейді. Соны ойласам қазақ екеніме, оның ішінде көптің аузында жүрген Найман екеніме де қуанамын. Тегін білу де тектілік, жеріміз қандай бай, кен болса, жүрегіміз бен көңіліміз де сондай кең, бай қазақ екенімізді мақтан тұтып, жүзге де, елге де бөлінбей, тегімізді біліп, тектілігімізді көрсетіп, берекелі-мерекелі өмір кешейік дегім келеді.

М. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА.

Спорт

АРШАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ВОЛЕЙБОЛ ӘЙЕЛДЕР КОМАНДАСЫ 2-ШІ ОРЫНДЫ ЖЕҢІП АЛДЫ

Сарыоба селолық округінің волейболдан әйелдер командасы аудандағы ең мықты командалардың бірі. 2014 жылғы Жібек жолында өткен аудандық спартакиада олар барлық ойында ұпай жинап, жеңіске жеткен.

Мен волейбол жарысында талай жылдар судьялықпен айналысып келемін, – дейді Н.В. Морозова. өзім де талай рет қатысқанмын, жақсы көретін спортым. Сарыоба қыздарының ойын барысына өте ризамын. Дайындықтары мықты. Бұл жерде жаттықтырушысы, Сарыоба орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің ұстазы Е.К. Букинаның еңбегі зор. Қыздардың ширақ та әдемі ойындарының әлі талай жемісін көреміз. Аудан абыройын асқақтататынына сенемін.

Қандай сайыс болмасын демеушілік керек, қолдау керек. Осы тұста округ әкімі М.М.Мұратова, Сары-Обастық ЖШС (директор Т.Ж. Мәмбетов) тарапынан қашан да көмектер көрсетіліп, жігер беріліп келеді.

Жуықта Ерейментау қаласында Ерейментау ЖӨСМ жаттықтырушысы Е.В. Касаткинаны еске алу турнирінде жақсы ойын көрсетті. Жергілікті командалармен қатар Павлодар қаласынан, Солнечный (Павлодар обл.), Аксу қаласынан (клуб

«Металлург»), Егіндікөл селосынан, Сараба селолық округінен (Аршалы ауданы) сайысқа түсті. Біздің қыздар: Жанна Адильова, Алёна Дундукова, Диана Назаренко, Анна Лось, Марина Бахыт, Айжан Сайлау, Камила Абельдинова мықты ойын әдістерін көрсетіп, екінші орынға ие болып күміс медалды иеленді. Қыздарымыздың алдында әлі талай жарыстар бар.

Жазғы облыстық спартакиада «Ақ Бидай» қашан да мықтыларды анықтайтын жер. Ал осындай турнирлерде әдіс пен етіптік, қырағылық пен жинақылықты жұмылдыра білген, қыздар үшін жаттығулардың мәні зор. Бұл тамаша дайындық.

П. КЕЦПЕ.

Біздің мақтанышымыз

Өнер – жаратқанның пендеге берген үлкен сыйы. «Асыл тастан шығады, өнер жастан шығады», - дегендей біздің өңірімізде талантты жастар аз емес. Жастардың талантын шыңдайтын байқаулардың бірі – дәстүрге айналған жас пианисттер байқауы.



Наурыз айының 14 жұлдызында Астана қаласындағы №3 саз мектебінде Ғазиза Жұбанова атындағы жас пианисттердің V қалалық байқауы өтті. Астана қаласы білім басқармасының ұйымдастыруымен байқау биыл тағыда өткізіліп отыр. Іс-шараның мақсаты - білім алушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу, ұлттық және әлемдік көркем мәдениеттің дәстүрлеріне тұлғаның қызығушылығын ояту, заманауи композиторлардың шығармаларына және үздік үлгідегі музыкалық мұраны білуге ынталандыру, талантты балалардың ұжымдары мен музыкалық білім алушы дарынды балаларды анықтау, оларға қолдау көрсету және шығармашылық мүмкіндігін кеңейту,

ЖАС ПИАНИСТТЕР

олардың орындаушылық шығармашылықтарын көтеру. Балалардың музыка мектептері мен өнер мектептерінің хор ұжымдары және фортепиано бөлімінде білім алып жатқан оқушылар бақтарын сынады. Ауданымыздан қатысқан Байгузинов Мерей мен Таласпаева Камила өнерлерін асқан шеберлікпен орындап, тыңдарман жүрегіне жол тауып, ерекше әсер қалдырды. Көрермендер қауымын тәтті етті.

Қос бірдей жас пианисттеріміз Байгузинов Мерей мен Таласпаева Камила I дәрежелі лауреат дипломымен марапатталды. Жарайсындар!

Ал, жеңімпаздар республикалық байқауда облыс намысын қорғауға мүмкіндік алды.

«Ақыл көпке жеткізер, өнер көпке жеткізер», - деп даналарымыз бекер айтпаса керек. Үміт артқан жеңімпаздарымыз таланттарын шыңдап, өңіріміздің үмітін абыроймен ақтады. «Бұлақ көрсен, көзін аш» дегендей, олардың өнерлі де шебер болып өсулеріне ұйытқы болып, білім мен өнерді қатар ұштастырып отырған жетекшісі Гуренко Лариса Сергеевнаның ерен еңбегі деп білеміз. Себебі, өз ұлтын, туған жерін, салт-дәстүрін, тілін, дінін, мәдениетін жақсы білетін оқушы ғана ұлттық өнер мен білімді ұштастыра алады.

«Талпынған – жетер мұратқа» демекші, Мерей мен Камила күні бүгінге дейін мектебіміздің мәртебесін биіктетіп, ауданымыздың абыройын өнерлерін асқақтатуда. Мерей мен Камиланың талабына нұр жаусын, өмірдің көгінен, өнердің төрінен көрініп, еліміздің жарқын жұлдыздарының бірі бол деген тілек білдіргім келеді.

Р. МАХАНОВ,
№3 Аршалы орта мектебінің мұғалімі.

Сапалы өнім**ӨЗ ҚҰҚЫҒЫҢДЫ ҚОРҒА**

Күнделікті өмірде әркім тұтынушы – өз мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін тауарға (жұмысқа, қызметке) тапсырыс беруші немесе сатып алушы болып табылатын жеке тұлға.

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 4 мамырдағы № 247-IV Заңы тұтынушылар құқығын қорғаудың құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін, сондай-ақ тұтынушыларды қауіпсіз әрі сапалы тауармен (жұмыспен, қызметпен) қамтамасыз ету шараларын айқындайды.

Тұтынушының қандай құқығы бар?

Сапасыз тауарды сатып алған тұтынушы, егер сатушы тауардың кемшіліктері жөнінде келіссөз жүргізбеген болса, мыналарды талап етуге құқылы:

- 1) сатып алу бағасын мейлінше төмендетуді;
- 2) тауар кемшіліктерін ақысыз жойып беруді;
- 3) тауардың кемшіліктерін жоюға жұмсаған шығындарының орнын толтыруды;
- 4) ұқсас маркадағы (модельдегі және т.б.) тауарға алмастырып беруді;
- 5) сатып алу бағасы сондай тұратын басқа маркадағы (модельдегі және т.б.) тауарға алмастырып беруді;
- 6) шартты бұзып, тауарға төленген ақшалай соманы қайтарып беруді.

Тұтынушы тауарды (жұмысты, қызметті) сатып алғанда тауарды сатып алу фактін растайтын құжатты (тауар чегі) **талап ету керектігін** есте сақтағаны жөн. Бұл құжат, қажет жағдайда, тауарды қайтарып бергенде талап етіледі. Егер тауар чегі жоғалған немесе қандай да бір себептермен тұтынушыға берілмеген болса, онда тауарды алмастыру немесе қайтару, егер тұтынушы сатып алу фактін (куәгерлік айғақтар) осы сатушыда жүргізгенін растаса, мүмкін болады.

Сонымен, егер Сіз тауардан кемшіліктер байқаған болсаңыз, сатып алған күннен бастап 14 күн ішінде:

- тауарды сатып алған жеріңізге қайтып келуіңіз;



- тауарты алмастырып беруді, төлеген ақшаңызды қайтарып беруді, кепілдік бойынша жөндеу жүргізіп беруді талап етуіңіз;

- сатушы Сіз қойған талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда дереу ұйым басшысына шағымданып баруыңыз керек;

- егер ұйым басшысы Сіздің талаптарыңызды орындамаған болса, Сіз ресми жазбаша соталды кінәрат-талапты көрсете аласыз.

Егер Сізге 10 күн ішінде жауап бермеген болса, онда Сіз сотқа талап ету арызымен жүгіне аласыз.

Тұтынушылар құқығын бұзу факті бойынша Сіз Ақмола облысы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне (әрі қарай Департамент) және оның аумақтық басқармаларына жүгіне аласыз. Онда Сізге білікті заңгерлік көмек көрсетеді, кінәрат-талап пен талап ету арызын жазуға көмектеседі.

Департамент жанында «қарбалас желі» (тел. 8-716-2-26-67-40) ашылған, онда да Сіз кеңес ала аласыз.

2015 жылдың 15 наурызында Дүниежүзілік Тұтынушы күні мерекеленеді. Осы іс-шара аясында Департаментте және аумақтық басқармаларында «Ашық есіктер күні» өтеді, білім беру ұйымдарында семинарлар, дәрістер, сынып сағаттары өтеді.

Құрметті тұтынушылар, Сіздерді аталмыш іс-шараларға қатысуға шақырамыз.

Қ. БАЙМҰХАМБЕТОВ,
Ақмола облысы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы.

Білім ордасынан**БҮЛДІРШІНДЕР САҰЫСЫ**

Мектебімізде Маханова Алмагүл Шертайқызы жетекшілік ететін 2 «А» сыныбында «Көктем аруы» атты сыныптан тыс сағаты тартымды да, әсерлі өтті. Кабинет іші әсем безендірілген. Тәрбиелік шара екі бөлімнен құралған. Алғашқы кезеңі сыныптағы ер балалардың аналарға арналған әдеби-монтажымен басталды. Ал, екінші бөлімде 6 бөлімнен тұратын «Көктем аруы» сайысын тамашаладық.

Өздерінің жас ерекшеліктеріне қарамастан, қатысушыларымыз әр кезеңдегі тапсырмалардан мүдірмей өтті. Мысалы: «Өзін-өзі таныстыру», «Сұрақ-жауап», «Менің қуыршағым»,

«Ою ойғанның ойы ұшқыр», «Сән өнері», «Өз өнерін көрсету» атты кезеңдерде өз шеберліктерін көрсетті. Әділ қазылар алқасының шешімімен Қуанышбаева Сабина «Көктем аруы» номинациясы бойынша марапатталып, өзге де қатысқан бүлдіршін қыздарға «Өнерлі ару», «Зерделі ару», «Білімді ару», «Көрермен көзайымы» және т.б. номинациялар бойынша мақтау қағаздары мен сынып ұлдарының атынан сыйлық табыс етілді.

Өрімдей жас бүлдіршіндердің



талаптарына нұр жаусын! – демекпіз.

Ж. СЕРДАЛИЕВА,
Иманжүсіп Құтпанұлы орта мектебі аға тәлімгер.

АТА-БАБАДАН ЖАЗЫЛМАҒАН АТА ЗАҢ

Беру керек: «Үлкенге - сәлем, Қуанғанға - сүйінші, соғымнан – сыбаға, Егіннен – кеусен, Малдан – көгендік, Балаға – базарлық, Киімге – байғазы, Сәбиге – көрімдік, Төркіндеген қызға – қалауын, Жаңа көршіге – ерулік, Жас үйленгендерді – отқа шақыру, Досқа – естелік, Жетімге – қолқайыр, Мүсәпірге – садақа, Байлықтан – шүлен үлестіру, Тойға – сияпат, Қуанышқа – шашу, Жас босанған анаға – қалжа, Сағынғаға – сәлемдеме» береміз.

Сұрау керек: «Алладан - денсаулық, Пайғамбардан – шалағат, Қыдырдан – бата, Данадан – өнеге, Батырдан – сауға, Аңшыдан – сыралғы, Аурудың – көңілін, Қарттың – хал-жағдайын, Жетімнің – жай-күйін, Саудың – амандығын, Ағайынның – бүтіндігін, Олжадан – тәбәрік, Қонақтан – бұйымтай» сұраймыз.

Тілеу керек: «Барға – тәубә, Жокқа – сабыр, Ауырға – төзім, Жаксылыққа – алғыс, Болашаққа – сенім, Жетістікке – шүкір, Өткенге – салауат, Қалғанға – береке, Басқа – амандық, Денге – саулық» тілейміз.

ҚҰРМЕТТІ САТЫПАЛУШЫЛАР!

Егер Сіз банк карточкасының иесі болып табыласыз, онда Сіз келесідей тауарларды және (немесе) қызметтердің құнын төлеу кезінде «Төлемдер және төлемдерді аудару туралы» ҚР Заңында айқындалған POS-терминалы арқылы қолма-қолсыз есеп айырысу құқығын пайдалануды талап етуге құқылысыз:

Сіздің назарыңызды аударамыз!

Сатушы POS-терминалы арқылы қолма-қолсыз төлем жүргізуге құқылы.

Қолма-қолсыз төлемді жүргізуден бас тарту – POS-терминалды қолдану тәртібін бұзу болып табылады және сатушыны әкімшілік жауапкершілік тартуға әкеледі.

POS-терминал арқылы қолма-қолсыз есеп айырысудан бас тартқан барлық фактілер бойынша мемлекеттік кірістер органдарына хабарлаңыз.

ҚҰРМЕТТІ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІ!

Егер Сіз есепті бюджетке, төмендегідей:

ЖК ретінде тіркелуге жатпайтын, жеке тұлға ретінде; патент негізінде АСР қолдану арқылы қызметін іске асыратын ЖК; ашық сауда нарқы аймағында шағын бизнес субъектілері үшін АСР аясында;

шаруа немесе фермер қожалықтары үшін АСР аясында жүзеге асырғанда, осыған аталған салық режимі таралатын болса, онда

ЕСКЕ САҚТАҢЫЗ!

Қазақстан Республикасының аймағында ақша есебі міндетті түрде бақылау-касса машинасын қолдану арқылы жүргізіледі.

Сатып алушы тауардың құнын төлеген соң, Салық кодексмен айқындалған тәртіпте Сіз оған **бақылау-касса машинасының чекін** беруге міндеттісіз.

Чекті беруден бас тарту – бақылау-касса машинасын қолдану **тәртібін бұзу** болып табылады және ӘҚБК 284-бабымен әкімшілік жауапкершілік көзделінген.

Жекекәсіпкерлерге салынатын айыппұл көлемі **29730-дан 99100 теңгеге** дейін құрайды.

Бақылау-касса машинасының чекін барлық фактілер бойынша мемлекеттік кірістер органдарына хабарлаңыз.

ҚҰРМЕТТІ САТЫП АЛУШЫ!

Сізбен сатып алынған тауарға көңіліңіз толмаған кезде Сіздің құқығыңызды және мүлденізді қорғау кепілдігін қамтамасыз ету үшін, яғни:

Тауардың құнын төлеген соң, Салық кодексмен айқындалған тәртіпте Сіз одан бақылау-касса машинасының чекін талап етуге құқылысыз.

Сіздің назарыңызға!

Сізге сатушы бақылау-касса машинасының чекін беруге міндетті.

Чекті беруден бас тартқан жағдайда – аталған факті бақылау-касса машинасын қолдану тәртібін бұзу болып табылады және сатушыны әкімшілік жауапкершілікке тартуға әкеліп соғады.

Бақылау-касса машинасының чекін бермеу барлық фактілер бойынша мемлекеттік кірістер органдарына хабарлаңыз.

Баршаңызға!

Кім тауарды сауда автоматтарында сатып алғысы және (немесе) қызметтерді терминал көмегі арқылы төлеу қызметін пайдаланғысы келсе

ЕСТЕРІҢІЗГЕ САЛАМЫЗ

Сауда автоматтардың және қызметтерді төлеу терминалдардың бақылау чегінде келесі реквизиттер болу керек:

- 1) салық төлеушінің атауы және оның сәйкестендіру нөмірі;
- 2) БКМ зауыттық нөмірі және оның салық органындағы тіркелген нөмірі;
- 3) чектің рет нөмірі;
- 4) сатып алудың күні және уақыты;
- 5) сатып алудың сомасы және (немесе) тауардың бағасы;
- 6) фискальдың белгісі.

Сауда автоматтарымен және (немесе) терминалдармен БКМ бақылау чегін бермеу және ол көрсетілген талаптарға сәйкес келмеу – аталған факт **БКМ қолдану тәртібін бұзу болып табылады.**

ӘҚБК 284-бабымен әкімшілік жауапкершілік көзделінген. Кәсіпкерлерге салынатын айыппұл көлемі бір жыл ішінде қайталанған кезде **39 640-дан 79 280 теңгеге** дейін жетуі мүмкін.

Сауда автоматтарымен және (немесе) терминалдармен БКМ бақылау чегін бермеген барлық фактілер бойынша немесе ол көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе мемлекеттік кірістер органдарына хабарлаңыз.

ҚҰРМЕТТІ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІ!

Егер Сіз тауарлар және (немесе) қызметтерді өткізу қызметіңізді жалпыға бірдей тәртіппен іске асыратын болсаңыз:

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!

Ортақ пайдаланылатын телекомму-никациялар желісі бар жерде банк карточкалары иелерінің талабы бойынша «Төлемдер және төлемдерді аудару туралы» ҚР Заңында айқындалғандай, **Сіз POS-терминалы арқылы қолма-қолсыз төлем жүргізуге құқылысыз.**

Қолма-қолсыз есеп айырысудан бас тарту - POS-терминалды қолдану **тәртібін бұзу** болып табылады және ӘТҚБ 194-195 баптарымен әкімшілік жауапкершілік көзделінген.

Кәсіпкерлерге салынатын айыппұл көлемі бір жыл ішінде қайталанған кезде **79 280-дан 198 200 теңгеге** құрайды.

POS-терминал арқылы қолма-қолсыз есеп айырысудан бас тартқан барлық фактілер бойынша мемлекеттік кірістер органдарына хабарлаңыз.



Ақмола облыстық «Қазақстан» РТРК» АҚ филиалының 2015 ж. 30 наурыздан – 5 сәуірге дейінгі бағдарламасы «Қазақстан-Көкшетау»

30 НАУРЫЗ, ДҮЙСЕНБІ
07.55 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
08.00 «Таңғы жаттығу»
08.15 М/ф «Кішкентай от сөндіруші Финли». 23 бөлім
08.30 «Наше утро». Утренняя познавательная программа
09.00 «Өңір өрнегі» - «Картина недели».
10.00 «Наше утро». Утренняя познавательная программа
10.35 «Актуальная тема».
Передача
11.00 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.10 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
11.30 Д/ф «Өнегелі ойын. Үздік стадиондар» 6 бөлім
12.00 «Ел межесі-2050».
Тележурнал
12.05 «Балапаннан базарлық. Әдемі-ай. 2сезон 23 бөлім»
12.30 Т/х «Тәуекел» 8 серия
13.20 М/ф «Данышпан қарға». 32 серия
13.30 «Аймақ ақпарат».
16.50 Аңдатпа
16.55 «Ел межесі-2050».
Тележурнал
17.00 «Аймақ ақпарат».
17.25 М/ф «Данышпан қарға». 32 серия
17.30 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
17.40 Т/с «Маруся. Испытание». 64 серия
18.30 «Өзекті әңгіме». Тікелей эфир
19.00 «Аймақ ақпарат».
19.30 «Салауат». Передача
19.40 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.50 Д/ф «Чудеса природы» 1 бөлім
20.15 «Пәрменді пікір». Хабар
20.25 «Ел межесі-2050».
Тележурнал
20.30 Т/х «Тәуекел» 9 бөлім
21.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
21.30 «Аймақ ақпарат».
22.15 Т/х «Нояндар» 1,2 бөлім
00.00 «Аймақ ақпарат».
00.40 Д/с «Магия природы». 41 серия
01.00 Т/с «Маруся. Испытание». 64 серия
01.45 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

31 НАУРЫЗ, СЕЙСЕНБІ
07.55 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
08.00 «Таңғы жаттығу»
08.15 М/ф «Кішкентай от сөндіруші Финли». 24 бөлім
08.30 «Арқа таңы». Танымдық таңғы бағдарлама
09.00 «Аймақ ақпарат».
09.45 М/ф «Щенячий патруль». 33 серия
10.00 «Арқа таңы». Танымдық таңғы бағдарлама
10.35 «Өзекті әңгіме». Хабар
11.00 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.10 «Салауат». Передача
11.20 «Пәрменді пікір». Хабар
11.30 Д/ф «Чудеса природы» 1 бөлім
12.00 «Ел межесі-2050».
Тележурнал
12.05 «Балапаннан базарлық. Әдемі-ай. 2 сезон. 24 бөлім»
12.30 Т/х «Тәуекел» 9 бөлім
13.20 «Данышпан қарға». 33 серия
13.30 «Аймақ ақпарат».
16.50 Аңдатпа
16.55 «Ел межесі-2050».
Тележурнал
17.00 «Аймақ ақпарат».
17.25 «Данышпан қарға». 33 серия
17.30 «Кендерек» Арнайы
репортаж
17.40 Т/с «Маруся. Испытание». 65 серия
18.30 «Актуальная тема». Прямой эфир
19.00 «Аймақ ақпарат».
19.30 «Ел межесі-2050».
Тележурнал
19.40 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.50 Д/ф «Чудеса природы» 2 бөлім
20.15 «Қызмет жолында...» Хабар.
20.25 «Ел межесі-2050».
Тележурнал
20.30 Т/х «Тәуекел» 10 бөлім
21.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
21.30 «Аймақ ақпарат».
22.15 Т/х «Нояндар» 3,4 бөлім
00.00 «Аймақ ақпарат».
00.40 Д/с «Магия природы». 42 серия
01.00 Т/с «Маруся. Испытание». 65 серия
01.45 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

1 СӘУІР, СӘРСЕНБІ
07.55 Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік Әнұраны
08.00 «Таңғы жаттығу»
08.15 М/ф «Кішкентай от сөндіруші Финли». 25 бөлім
08.30 «Наше утро». Утренняя познавательная программа
09.00 «Аймақ ақпарат».
09.45 М/ф «Щенячий патруль». 34 серия
10.00 «Наше утро». Утренняя познавательная программа
10.35 «Актуальная тема». Передача
11.00 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.10 «Қызмет жолында...» Хабар.
11.20 «Ел межесі-2050». Тележурнал
11.30 Д/ф «Чудеса природы» 2 бөлім
12.00 «Ел межесі-2050». Тележурнал
12.05 «Балапаннан базарлық. Әдемі-ай. 2 сезон. 25 бөлім»
12.30 Т/х «Тәуекел» 10 бөлім
13.20 «Данышпан қарға». 34 серия
13.30 «Аймақ ақпарат».
Ақпараттық топтама
16.50 Аңдатпа
16.55 «Ел межесі-2050». Тележурнал
17.00 «Аймақ ақпарат».
17.25 «Данышпан қарға». 34 серия
17.30 «Кендерек». Кеңейтілген
репортаж
17.40 Т/с «Маруся. Испытание». 66 серия
18.30 «Точка зрения». Прямой эфир
19.00 «Аймақ ақпарат».
19.30 «Business Idea». Передача
19.40 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.50 Д/ф «Чудеса природы» 3 бөлім
20.15 «Экспертное мнение».
Передача
20.25 «Ел межесі-2050». Тележурнал
20.30 Т/х «Тәуекел» 11 бөлім
21.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
21.30 «Аймақ ақпарат».
22.15 Т/х «Нояндар» 5,6 бөлім
00.00 «Аймақ ақпарат».
00.40 Д/с «Магия природы». 43 серия
01.00 Т/с «Маруся. Испытание». 66 серия
01.45 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

2 СӘУІР, БЕЙСЕНБІ
07.55 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
08.00 «Таңғы жаттығу»
08.15 М/ф «Кішкентай от сөндіруші Финли». 26 бөлім
08.30 «Арқа таңы». Танымдық таңғы бағдарлама
09.00 «Аймақ ақпарат».
09.45 М/ф «Щенячий патруль». 35 серия
10.00 «Арқа таңы». Танымдық таңғы бағдарлама
10.35 «Точка зрения». Передача
11.00 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.10 «Business Idea». Передача
11.25 «Экспертное мнение».
Передача
11.35 Д/ф «Чудеса природы» 3 бөлім
12.00 «Ел межесі-2050». Тележурнал
12.05 «Балапаннан базарлық. Әдемі-ай. 2 сезон. 26 бөлім»
12.30 Т/х «Тәуекел» 11 бөлім
13.20 «Данышпан қарға». 35 бөлім
13.30 «Аймақ ақпарат».
16.50 Аңдатпа
16.55 «Ел межесі-2050». Тележурнал
17.00 «Аймақ».
17.25 «Данышпан қарға». 35 бөлім
17.30 «Кендерек». Кеңейтілген
репортаж
17.40 Т/с «Маруся. Испытание». 67 серия
18.30 «Өзекті әңгіме». Тікелей эфир
19.00 «Аймақ ақпарат».
19.30 «Ұлы Жеңіске 70 жыл!».
Передача
19.40 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.50 Д/ф «Чудеса природы» 4 бөлім
20.15 «Ақмола КЗ». Хабар
20.25 «Ел межесі-2050». Тележурнал
20.30 Т/х «Тәуекел» 12 бөлім
21.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
21.30 «Аймақ ақпарат».
22.15 Т/х «Нояндар» 7,8 бөлім
00.00 «Аймақ ақпарат».
00.40 Д/с «Магия природы». 44 серия
01.00 Т/с «Маруся. Испытание». 67 серия
01.45 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

3 СӘУІР, ЖҰМА
07.55 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
08.00 «Таңғы жаттығу»
08.15 М/ф «Кішкентай от сөндіруші Финли». 27 бөлім
08.30 «Наше утро». Утренняя познавательная программа
09.00 «Аймақ ақпарат».
09.45 М/ф «Щенячий патруль». 36 серия
10.00 «Наше утро». Утренняя познавательная программа
10.35 «Өзекті әңгіме». Хабар
11.00 «Кендерек». Кеңейтілген

репортаж
11.10 «Ұлы Жеңіске 70 жыл!».
Передача
11.20 «Ел межесі-2050».
Тележурнал
11.30 Д/ф «Чудеса природы» 4 бөлім
12.00 «Ел межесі-2050».
Тележурнал
12.05 «Балапаннан базарлық. Әдемі-ай. 2 сезон. 27 бөлім»
12.30 Т/х «Тәуекел» 12 бөлім
13.20 «Алақай, балақай». 1 бөлім
13.30 «Аймақ ақпарат».
16.50 Аңдатпа
16.55 «Ел межесі-2050».
Тележурнал
17.00 «Аймақ ақпарат».
17.25 «Алақай, балақай». 1 бөлім
17.30 «Кендерек». Кеңейтілген
репортаж
17.40 Т/с «Маруся. Испытание». 68 серия
18.30 «Актуальная тема».
Прямой эфир
19.00 «Аймақ ақпарат».
19.30 «Спорт Life». Хабар
19.40 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.50 Д/ф «Чудеса природы» 5 бөлім
20.15 «Елі бірдің – тілі бір».
Хабар
20.25 «Ел межесі-2050».
Тележурнал
20.30 Т/х «» 1 бөлім
21.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
21.30 «Аймақ ақпарат».
22.15 Т/х «Нояндар» 9,10 бөлім
00.00 «Аймақ ақпарат».
00.40 Д/с «Магия природы». 45 серия
01.00 Т/с «Маруся. Испытание». 68 серия
01.45 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

4 СӘУІР, СЕНБІ
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
09.05 «Аймақ ақпарат».
09.45 М/ф «Финес пен Ферб» 43 серия
10.10 «Жүзден жүйрік». Хабар. 5 бөлім
10.45 «Ақмола КЗ». Хабар
10.55 «Спорт Life». Хабар
11.10 Т/с «Гордость и предубеждение» 6 серия
12.00 «Балапаннан базарлық» / Білгіштер бекеті 2 сезон 7 бөлім/
12.20 «Салауат». Хабар
12.30 «Аймақ ақпарат».
13.10 Т/с «Десантники» 11 серии
16.00 Аңдатпа
16.05 М/ф «Финес пен Ферб» 44,45 серия
17.00 «Айгөлек» концерт.
18.20 «Пәрменді пікір». Хабар
18.30 Т/с «Десантники» 11 серии
19.10 М/ф «Қасқыр мен тышқан»
19.20 М/ф «Қаратай батыр»
19.30 «Танымал». Передача
20.00 «Өңір өрнегі» - «Картина недели».
21.00 «Сөзге шешен». Хабар
21.20 «Ақ дастархан». Передача
21.45 «Қызмет жолында...» .
Хабар.
21.55 «Елі бірдің – тілі бір».
Хабар
22.05 Т/х «Тюдорлар» 9 бөлім
23.00 Х/ф «»
00.40 Д/ф «Культурное наследие»
5 серия
01.10 Т/с «Гордость и предубеждение» 6 серия
02.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

5 СӘУІР, ЖЕКСЕНБІ
09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
09.05 Д/ф «Пейзажи сквозь время»
7,8 серия
10.05 М/ф «Финес пен Ферб» 46,47 серия
10.50 «Ұлы Жеңіске 70 жыл!».
Передача
11.00 Т/с «Титаник: кровь и сталь»
1 серия
12.00 «Балапаннан базарлық» / Білгіштер бекеті 2 сезон 8 бөлім/
12.30 «Өңір өрнегі» - «Картина недели».
13.30 Т/с «Десантники» 12 серии
16.00 Аңдатпа
16.05 М/ф «Финес пен Ферб» 48,49 серия
17.00 «Айгөлек». Концерт
18.20 «Экспертное мнение».
Передача
18.30 Т/с «Десантники» 12 серии
19.10 «Сөзге шешен». Хабар
19.30 «Ақ дастархан». Передача
20.00 «Өңір өрнегі» - «Картина недели».
21.00 «Танымал». Передача
21.25 «Ұлы Жеңіске 70 жыл!».
Передача
21.35 Т/х «Тюдорлар» 10 бөлім
22.15 Х/ф «Камикадзе, за тех кого мы любим»
00.30 Д/ф «Культурное наследие»
6 серия
01.00 Т/с «Титаник: кровь и сталь»
1 серия
02.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

■ Қыл қалам

ТАБЫЛАР МА

Отаршылдық жерімді

Шыңдас да ат тұяғы

Жер-ананың құнарын

Аптауыттар тудырды—ау

Нұ орман өртенуде ауық-ауық,

Балтаның жүзі аямай

Жер мен орман саудаға

Төрелер де болды ғой қалтырауық.

Шенеуніктер болды ғой

Параларын жасқанбай

Ақияның құлы болған төре сымақ,

Демей ме сұрардың да таңы атар.

Пұл болдым-ау кең

Суды да салды сауда байлауына,

Қара жер сатылған

Сүңгідік қой қасірет қойнауына.

Жұртының қасиетін,

Аңсаған жастайынан

Болашағын, өмірін ойлап жүрер,

Табылар ма азамат қияр жанын.

Көріп тұғы

Ошағымнан таппадым

Жақынымнан қолқанатты аяныш,

Сыйласым да, сенерім де болмады,

Болмады ғой тірек болар

Қу билікке өлермендей таластым,

Сол гана еді ойлағаны қу бастың.

Дүние де, қаражат та төгілді,

Қапаландым,

Креслоға жетемін

Құлы болып өтемін

Тістегенім, ішкенім де зәр болды,

Ортасына түскендеймін

Бийктегі етке мысық жете алмай,

Деген екен: «Сасыған ет қой,

Алдаушылық, арбаушылық

Кінә өзімнен отырғаным

Тақыр жерге су

Тайғанаққа ұрындай сор

Қауым елді жамандауға

Ренжімеймін, сүрінгенге

Қорлық екен дәмін

Биігіне жетем деген мансаптың.

Өмір сүрсең бәс барына риза боп,

Ел аузында болар

Жақым жоқ

болжамым.

Жаным.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.

Жақым жоқ

болжамым.